

**«Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Қонаев қаласындағы филиалы**

Филиал туралы мәлімет

«Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Қонаев қаласындағы филиалының тарихы:

1. 1977 жылы 15 сәуірде Алматы облыстық халық депутаттар Советі атқарушы қызметінің № 184 шешімімен құрылған. Филиал Қапшағай қаласының және Алматы облысының Іле, Балхаш, Күрті аудандарының, ауылдық, қалалық мекемелері мен басқармаларының құжаттарын сақтау және пайдалану мақсатында ашылған.

2. «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 20.06.2022 жылғы № П-28 бұйрығының негізінде «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Қапшағай филиалының атауы «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Қонаев қаласындағы филиалы болып өзгертілген.

3. 2010 жылдың қазан айында филиалда сақталған 106 қор – 24853 сақтау бірлігі Алматы облысының мемлекеттік архиві КММ-нің Іле филиалына өткізілді.

4. Филиалдың штат саны – 5.

5. Филиал қызметінің мәні мен мақсаттары: заңмен белгіленген тәртіпте ұлттық құндылық ретінде танылып, Алматы облысының Қонаев қаласында орналасқан және филиалдың жинақтау көздеріне жататын мекемелердің, ұйымдардың, барлық меншік түрлеріндегі кәсіпорындардың іс-әрекетінде қалыптасқан айрықша тарихи, ғылыми, әлеуметтік және мәдени маңызы бар құжаттарды сақтау мен пайдалану болып табылады.

Филиал қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорын толықтыру, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктерін қанағаттандыру, азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар кешенін жүргізу.

Филиал мақсатқа қол жеткізу үшін мынандай қызмет түрлерін жүзеге асырады: Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры құжаттарын және басқа архивтік құжаттарды белгіленген тәртіпте сақтауға алуға іріктеу және қабылдау; архивтік құжаттарды жинақтау; филиалда сақтауда жатқан құжаттардың мемлекеттік есебін жүргізу; сақтауға алынған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету; сақтауда жатқан құжаттардың іс жүзінде пайдалануын ұйымдастыру; жеке және заңды тұлғалардан түскен әлеуметтік-құқықтық, тақырыптық сұраныстарды орындау; белгіленген тәртіпте «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметін көрсету; құжаттарды сақтаудың оңтайлы жағдайын жасау және олардың физикалық сақталуын қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды жүргізу; Филиалдың жинақтау көздері - мекемелердің іс жүргізушілік, архивтік және сараптамалық қызметіне әдістемелік көмек көрсету; архив құжаттарындағы ақпаратты анықтау және құжаттарды басып шығару, көрме ұйымдастыру, теледидар мүмкіндіктері арқылы архив құжаттарындағы ақпараттарды пайдалану.

6. Қор және құжаттар саны:

2024 жылдың 01 қаңтарындағы мәліметке сәйкес филиалда – **107 қордың 22099 сақтау бірліктерінің сақталуын және пайдалануын қамтамасыз етіледі.**

Филалға өткен құжаттардың ішінде Іле ауылдық халық депутаттар кеңесі және оның атқару комитетінің, қала әкімі аппаратының, ауылдық округтер әкімі аппараттарының, совхоздардың, қалалық аурухананың, қалалық қалалық салық инспекциясының және т.б. мекемелердің құжаттары бар.

Филиалда Еңбек және мемлекеттік қызмет ардагері, Қапшағай қаласының құрметті азаматы - Тоқтар Әкішұлының, ақын, жазушы, көркем-публистикалық жинақтардың авторы, Қазақ Жазушылар Одағының мүшесі Жақиянова Алтыншаш Жұманқызы, «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі», Қапшағай қаласында бірінші қазақ мектебін ашуға үлкен атсалысқан ұстаз Нусупбекова Даметкен Таласпековнаның, еңбек ардагері, Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі, Қапшағай қаласының құрметті азаматы – Валеева Фархинур Муллахметовнаның, Қапшағай қаласының Құрметті азаматы, облыстық мәслихаттың екінші шақырылымының депутаты, жазушы, журналист – Таран Владимир Ивановичтің, еңбек ардагері, Қапшағай қалалық соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы, аудандық және қалалық депутаттар кеңесінің төрағасы Павлов Ливерий Игнатьевичтің құжаттары сақталында.

7. Жинақтау көздерінің саны - 18

Филиал ғимаратты жалға алып отыр.

Филиалдың мекен жайы: «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік

архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Қонаев қаласындағы филиалы
4 ықшам аудан, 46 үй, 82 т.е.
Қонаев қаласы,
Алматы облысы,
Индекс: 040800,
Телефон: 8 (72772) 2-25-35
E-mail: kap_arhiv@mail.ru

Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау уақыты:

Күнделікті: дүйсенбі – жұма күндері

08:00-ден 17:30-ға дейін

Түскі үзіліс: 12:30-дан 14:00-ге дейін

Демалыс күндері: сенбі - жексенбі